

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "2024 жылға арналған Батыс Қазақстан облысы бойынша тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормаларын, сондай-ақ субсидиялар көлемін бекіту туралы" 2024 жылғы 20 наурыздағы № 65 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 18 қарашадағы № 315 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 19 қарашада № 7448-07 болып тіркелді

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "2024 жылға арналған Батыс Қазақстан облысы бойынша тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормаларын, сондай-ақ субсидиялар көлемін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7347-07 болып тіркелген) 2024 жылғы 20 наурыздағы №65 қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының "2024 жылға арналған Батыс Қазақстан облысы бойынша тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормалары" №1 қосымшасы келесі мазмұндағы 972, 973, 974 -жолдарымен толықтырылсын:

№	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Тыңайтқыштағы белсенді заттардың құрамы (%)	Субсидиялар нормасы (теңге)	Өлшем бірлігі (тонна, литр, килограмм)
972	Fulltec	Азот 4,5 %, Фосфор 7,5 %, Аминқышқылы, Калий Фосфиты	8 203,0	литр
973	Fulltec Cubo (мыс фосфиты)	Азот 6,2%, Фосфор 5,8%, Калий 1,3%, Мыс 2,4%, Бор 4,0% , Аминқышқылы, Фосфиты	9 772,0	литр
974	Top Zinc	Азот 7,0%, Фосфор 16,0%, Кобальт 0,6%, Молибден 2,5%, Бор 3%, Цинк		литр

	5,0%, Сера 1,5%, Аминқышқылы, Фосфиты	9 772,0	
--	---	---------	--

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Батыс Қазақстан облысының әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Батыс Қазақстан облысы
әкімінің міндетін атқарушы*

Т. Каюпов